

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

Совет Одағы Коммунистік партиясының ісі үшін күреске дайын бол!



Газет 1930 жыл-
дың 14 марты-
нан шыға бас-
тады.

Қазақстан ПИОНЕРІ

№ 7

(7229)

22 ЯНВАРЬ

ЖЕКЕНБІ

1989 жыл

Газет бейсенбі,
жексенбі күндері
шығады.

Бағасы 1 тиын.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымы республикалық Советінің органы

(Жалғасы.

Басы өткен санда).

— Қарғаларым, танымадым ғой,— деді шүйкедей қара кемпір кірпіктерін қыбырлатып.— Сендерді мұнда кім жіберді? Бұл үйге жан баласы бас сұқпаушы еді.

— Жамал әже, көзіңізді ашыңызшы. Мен — Данамын. Қасымдағы Сандуғаш емес пе? Шынымен, танымадыңыз ба?

ЖАҢА ЖЫЛ АЛДЫНДАҒЫ КЕШ

— Оу, қайда жүрсіңдер? Күте-күте ішіміз жарылды.

Сыртқы есіктің қапсырмасына жасырынған Ермектің күтпеген жерден «гүж» еткен даусынан Дана ыршып түсті.

— Жол торыған қарақшыдай жүрегімді ұшырдың ғой тегі,— деді.

— Шынымен-ақ қорықтың ба? Кешірші.— Ермек күлкісін

● Балаларға базарлық

қыз жалғыз Есен ғана. Нанбасаң қарашы, әне. Ақ көйлегі де, басындағы тәж-тақиясы да ақ-құбаша жүзіне әдемі жарасады. Әттен, есімі... ұлдардікі...

— Егер, саған ұнамаса Есен-гүл дейік бұдан былай. Сәкенді де Сандуғаш атап кеттік қой.

ЖАҢА ЖЫЛ, БЕЛГІСІЗ ЖАУЫНГЕР ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛІЗШІЛЕР

Жаннат Елшібеков

Сіз көрінбегеннен кейін «ауырып қалды ма» деп келдік.

— О, қарғам, Данагүлімбісің? Шешең аман-есен бе? Әжең таныса текке сұрай ма? Сандуғашты да енді барып шырамыттым. Менікі ескілік сырқат. Екі күннен бері белімнен шойырылып, жылжи алмай қалдым. Оның үстіне тұмау-сұмау қосылып, мүлдем тұралатқаны. Үйдің іші де от жағылмаған соң ызғып кетті. Жалғыздың күнін тірі пенденің басына түсірмесін, қарғаларым. Шіркін, Әлидің хабарын естіген бойда көз жұмып кетсем... Арманым болмас, сірә!

— Қазір, Жамал әже от жағып, монша ғып жібереміз.— Дана пальтосын шешіп тастап, пешке отын тығындады.— Сандуғаш, сен анау дәліздегі жиыңды ірілеуін әкелші.

Гүрілдеген пеш әп-сәтте мұздай бөлменің сағын сындырды.

Көненің көзіндегі ескі мыс шәугім де әлденеше рет тасып-тегілген...

Аузына ыстық су тамған Жамал әжейдің суық сорған жүзіне де қан жүгіргендей. Маңдайы бусанған ол орнынан тұрғысы келген сыңай білдіргенімен екеуі қолқалап қозғалтпады. — Әже, сәл шыдаңыз. Терлегеніңіз жақсы.

— Тағы да екі-үш кесе шай ішіңізші.

— Ой, қарғаларым, өркендерің өссін!— деді Жамал әжей мейірлене.— Мен үшін әуреленіп, сабақтарыңнан да қалдыңдар. Апаларыңды тірілтіп алдыңдар, білем.

— Қызық екенсіз өзіңіз, қайқайдағыны айтып. Өлмей жүре бермейсіз бе?

Сандуғаштың пікірін қоштаған Дана:

— Ауырған адамның бәрі шетінен қиса берсе, не болмақ? Ал, Жамал әже, біз кешке жақын келеміз. Қысқы каникулымыз басталған. Бүгін Жаңа жылдық карнавалымыз. Рұқсат етесіз бе?

Алғашқыдай емес, қабағы ашылған қарт ананың езуіне күлкі үйірілген. Ол жадырай тіл қатты:

— Уһ, қарғаларым, «өлме» десендер өлмей-ақ қояйын. Сендердікі дұрыс. Әлимен бір хабар болғанша жүре тұйрап, естіп қалқып. Жылжып тағы да жаңа жылдың жеткені ме? Әлиімді соғысқа шығарып салғаным да тура қырық жыл толады екен-ау?! Иә... иә... маған алаңдамаңдар енді. Рақмет сендерге!..



ПОВЕСТЕН ҮЗІНДІ

тез тыя қойды.— Немене, ауырып қалғансың ба өзің, Сандуғаш та жоқ. Сендерсіз біртүрлі, қызықсыз... Рас айтам Дана.

— Білем... түсінем... Іздегенің Сандуғаш болса, ө-не өзі де алып-ұшып келе жатыр. Ештеңеден бейхабар Сандуғаш мойнына ораған аппақ бөкебайын екі иығына салыратып, пальтосының түймелерін тегіс ағытып жіберіпті. Шалғайы желп-желп етеді. Жүгірген тәрізді, шашы қобырап кетіпті. Аяз сорған бет-аузы көкпеңбек. Ентігін баспаған ол сондайдан саусақтарын ербеңдетіп, самбырлап жеткен:

— Ғашықтарша жараса қапсыңдар-ау. Неғып тұрсыңдар, ішке енбей?

— Сені тостық.— Ермек қуанғанын сездірмегенсіңді.

— Сандуғаш деймін, Сандуғаш, мына дженгельмен сені сағынып қалыпты кешеден бері көрмегенге.— Дананың даусы жерден жеті қоян тапқандай естілген.

Сықылықтаған Сандуғаш Ермекке тесілді.

— Қойшы-ей! Оны қайдан білдің? Мені емес, керісінше, сені ұнатады дегені қайда?

— О жағын өзінен сұрағайсың. Қайсымызды жақсы көреді екен, ә?

— Жарайды, бос қылжақты қайтесіңдер,— деді Ермек байсалды.— Пальтоларыңды ілісуге көмектесейін.

Қос қыздың екі бүйірден қысқан «шаншуына» түскенімен әзіл «жебесін» бойына дарытпаған Ермек музыка кернеген спортзалға асыққан. Ойы әлем-жөлем.

«Вальске бірінші кімді шақырсам?... Әрине, Дананы...»

Көңілді Қаршақыздың қасқабағы мен қадамын аңдыған Нұрахым терезе жақтауына сүйеніп әлі тұр. Қасына жетіп келген Ермекті тіпті де байқаған жоқ.

— Аңқау перғауыным-ау, не болды соншама? Есенді бүгін тұңғыш көргендей.

— Ішің күйіп барады-ау, шамасы. Әйтпесе, біздің клас-тағы ең сұлу, сүйкімді, өнерлі

— Есенгүлден гөрі Еңлікгүл десек қайтеді? Тамаша ат емес пе!? Ә... айтшы өзің шынықты... Еңлікгүл десек Еңлікгүл.— Жымыңдаған Нұрахымның жіпсік көздері одан бетер жұмылып кетті.

— Маған да ұнайды, жақсы есім. Мың ойласаң да бұдан артық ат таппайсың. Бүгіннен бастап Қаршақызды Еңлікгүл атаймыз. Әпкел қолды.

— Жарайсың, бойыңа қарамай, ойың мықты достым.

— Жә, мақтамашы... Тағы екі-үш қыздың атын өзгертуге тура кеп тұрғаны. Нұрахым-ау, осы уақытқа шейін түк аңғармай жүре беріппіз. Біздің клас-тағы қыздардың бәрінің де аттары ұлдардікі екен ғой. Жаңа Сәкен мен Есенді айттық. Ал анау Дабыл, Свет, Оңғарды қайтеміз.

— Япырмай, шынымен солай екен-ау! Мән берсеңші. Бас қатыратын несі бар. Табанда өзгерте салайық. Мәселенки, Дабылды — Жаңыл, Светті — Света, Оңғарды — Оңайгүл демеіміз бе?

— Әй-дейт, Тапқышбегім! Қатып кетті. ЭВМ-нің өзі бүйтіп айтып бере алмас.— Ермек досының басынан шертіп-шертіп қойды.— Ал, миды кішкене тынықтыралық. Сонымен, қазір Сандуғаш пен Дана кірген бойда сен Оскар Фельцманның «Дунай веногын» ойнатып жібер. Жарай ма? Дөңгелеп бір вальске билейікші.

Нұрахым есік жаққа көз тастады. Үн-түнсіз радиоланың жанында тау боп үйілген пластинкаларды сапырған.

— Әй, сәнқой, әлгі Асқарыңды таппадың мыналардың ішінен,— деді.

— Айғайламасаңшы. Асқарды қайдан шығардың тағы?! Оскар Фельцман... Ойнап жатқан пластинканың екінші бетінде. Төңкерсе саласың.

Сөйткенше тізесіне түскен қара сақалын салалы саусақтарымен сипалай шыққан Аяз ата — дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сәндібек аса таяғымен еденді тықылдатты.